

**"Тауарлар мен көлік құралдарын декларациялау туралы" Қазақстан Республикасы Кедендік бақылау агенттігі төрағасының 2003 жылғы 20 мамырдағы N 219 бұйрығына өзгеріс енгізу туралы**

*Күшін жойған*

Қазақстан Республикасы Қаржы министрінің 2008 жылғы 10 қыркүйектегі N 461 Бұйрығы. Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде 2008 жылғы 15 қыркүйекте Нормативтік құқықтық кесімдерді мемлекеттік тіркеудің тізіліміне N 5305 болып енгізілді. Күші жойылды - Қазақстан Республикасы Қаржы министрінің 2015 жылғы 22 мамырдағы № 321 бұйрығымен

**Ескерту: Бұйрықтың күші жойылды - ҚР Қаржы министрінің 22.05.2015 № 321 бұйрығымен.**

**Қолданушылардың назарына!!!**

**Бұйрықтың қолданысқа енгізілу тәртібін 3-тармақтан қараңыз .**

Қазақстан Республикасы Кеден кодексінің 19, 360, 378 және 379-баптарына  
с ә й к е с

**Б Ұ Й Ы Р А М Ы Н :**

1. "Тауарлар мен көлік құралдарын декларациялау туралы" Қазақстан Республикасы Кедендік бақылау агенттігі төрағасының 2003 жылғы 20 мамырдағы N 219 бұйрығына, нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде N 2355 тіркелген, "Официальная газетада" 2003 жылғы 27 қыркүйектегі N 39 санында жарияланған, "Қазақстан Республикасы Кедендік бақылау агенттігі төрағасының кейбір бұйрықтарына өзгерістер енгізу туралы" Қазақстан Республикасы Кедендік бақылау агенттігі төрағасының 2003 жылғы 1 желтоқсандағы N 537 бұйрығымен енгізілген өзгерістер мен толықтырулар, нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде N 2618 тіркелген, Қазақстан Республикасы нормативтік құқықтық актілер бюллетенінде 2004 жылы, N 33-36, 980 б., жарияланған, "Кедендік ресімдеу мәселесі бойынша Қазақстан Республикасы Кедендік бақылау агенттігі төрағасының кейбір бұйрықтарына толықтыру енгізу туралы" 2004 жылғы 10 маусымдағы N 261, нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде N 2939 тіркелген, "Официальная газетада" 2004 жылғы 9 тамыздағы N 33 (190) санында жарияланған, "Тауарлар мен көлік құралдарын декларациялау туралы" Қазақстан Республикасы Кедендік бақылау агенттігі төрағасының 2003 жылғы 20 мамырдағы N 219 бұйрығына өзгеріс енгізу туралы" 2004 жылғы 30 шілдедегі N 328, нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде N 2355 тіркелген, нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде N 3007

тіркелген, "Официальная газетада" 2004 жылғы 20 қарашада N 47 (204) санында жарияланған, "Тауарлар мен көлік құралдарын декларациялау туралы" Қазақстан Республикасы Кедендік бақылау агенттігі төрағасының 2003 жылғы 20 мамырдағы N 219 бұйрығына өзгеріс енгізу туралы" Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігінің Кедендік бақылау комитеті төрағасы міндетін атқарушының 2005 жылғы 7 қаңтардағы N 6 бұйрығымен, N 2355 тіркелген, нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде N 3407 тіркелген, "Официальная газетада" 2005 жылғы 19 ақпандағы N 8 (217) санында жарияланған, "Тауарлар мен көлік құралдарын декларациялау туралы" Қазақстан Республикасы Кедендік бақылау агенттігі төрағасының 2003 жылғы 20 мамырдағы N 219 бұйрығына өзгерістер енгізу туралы" Қазақстан Республикасы Қаржы Вице-министрі Қаржы министрлігінің Кедендік бақылау комитеті төрағасының 2005 жылғы 23 мамырдағы N 199, нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде N 3677 тіркелген, Қазақстан Республикасы Нормативтік құқықтық актілер бюллетенінде 2005 жылы, N 19 нөмірінде 182 б., N 20 нөмірінде, 183 б., жарияланған, "Тауарлар мен көлік құралдарын декларациялау туралы" Қазақстан Республикасы Кедендік бақылау агенттігі төрағасының 2003 жылғы 20 мамырдағы N 219 бұйрығына өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы" 2005 жылғы 25 шілдедегі N 278 бұйрықтарымен, нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде N 3802 тіркелген, "Юридическая газетада" 2005 жылғы 16 қыркүйекте N 170-171 (904-905) жарияланған, "Тауарлар мен көлік құралдарын декларациялау туралы" Қазақстан Республикасы Кедендік бақылау агенттігі төрағасының 2003 жылғы 20 мамырдағы N 219 бұйрығына өзгеріс енгізу туралы" Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігінің Кедендік бақылау комитеті төрағасы міндетін атқарушының 2005 жылғы 12 тамыздағы N 302 бұйрығымен, нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде N 3806 тіркелген, "Юридическая газетада" 2005 жылғы 16 қарашада N 212 (946) санында жарияланған, және "Тауарлар мен көлік құралдарын декларациялау туралы" Қазақстан Республикасы Кедендік бақылау агенттігі төрағасының 2003 жылғы 20 мамырдағы N 219 бұйрығына өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы" Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігі Кедендік бақылау комитеті төрағасының 2007 жылғы 12 шілдедегі N 188 бұйрығымен, нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде N 4846 тіркелген, "Юридическая газетада" 2007 жылғы 24 тамызда N 130 (1333) санында жарияланған, мынадай өзгеріс енгізілсін:

көрсетілген бұйрықпен бекітілген Тауарлар мен көлік құралдарын декларациялау ережесінде:

5-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

"5. Бір ЖКД-да бір және сол кедендік режиммен орналастырылатын, бір тауар партиясына кіретін тауарлар туралы мәліметтер мәлімделуі мүмкін.

Бұл ретте бір тауар партиясы ретінде қарастырылады:

Қазақстан Республикасының кедендік аумағына тауарлар әкелінген кезде – бір жөнелтуші бір алушының атына бір шарттың міндеттемелерін орындай отырып, сыртқы экономикалық мәміле жасалған кезде немесе бір жақты сыртқы экономикалық мәміле, немесе қандай-да болмасын мәміле жасамай, көлік құралдары мен тауарға ілеспе құжаттарының санына қарамастан, негізгі кедендік ресімдеуге бір мезгілде ұсынылған тауарлар;

Қазақстан Республикасының кедендік аумағынан тауарлар әкетілген кезде – бір және сол кеден органының қызмет аймағында бір мезгілде тиелетін ( мерзімдік немесе уақытша декларациялауды қолданған кезде белгілі бір уақыт аралығында тиелетін) бір жөнелтуші бір алушының атына бір шарттың міндеттемелерін орындай отырып, сыртқы экономикалық мәміле жасалған кезде немесе бір жақты сыртқы экономикалық мәміле, немесе қандай-да болмасын мәміле жасамай, көлік құралдары мен тауарға ілеспе құжаттарының санына қарамастан ұсынылған тауарлар.

Көрсетілген талаптар бір тауар партиясына кіретін тауарлар туралы мәліметтерді әр түрлі ЖКД-да мәлімдеуге кедергі келтірмейді." .

2. Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігінің Кедендік бақылау комитеті (Қ-К.Ж. Кәрбозов) осы бұйрықтың Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде мемлекеттік тіркелуін және бұқаралық ақпарат құралдарында ресми жариялануын қамтамасыз етсін.

3. Осы бұйрық алғашқы ресми жарияланғаннан кейін он күнтізбелік күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

*Министр*

*Б. Жәмішев*